

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 845 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 ақпандағы № 51 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 шілдедегі № 845 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Аэроғарыш комитетінің төрағасы Талғат Амангелдіұлы Мұсабаевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.»;

2) көрсетілген қаулымен мақұлданған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасының Үкіметі арасындағы ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда зерттеу және пайдалану саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасында:

2-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан тарапынан – Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Аэроғарыш комитетін (Қазғарыш);».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
<i>Премьер-Министрі</i>	<i>К. Мәсімов</i>	